

"Жер салығының ставкалары туралы" Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 19/148-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2010 жылғы 6 қаңтардағы N 27/214-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 ақпанда N 14-6-92 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 наурыздағы № 3/27-V Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012.03.14 № 3/27-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихат
Ш Е Ш Т І :

1. «Жер салығының ставкалары туралы» Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 19/148-IV шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-6-75 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 12 маусымында «Қазығұрт тынысы» газетінің 41-42 нөмірінде жарияланған) 1 тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 381-бабында белгіленген автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге, Қазығұрт ауданының елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары 50 процентке жоғарылатылсын».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы М.Жамалов

Аудандық мәслихат хатшысы А.Омаров

